



"Ұздік педагог" атағын беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қантардағы № 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 18 ақпанда № 10279 тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 8-6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2016 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Ұздік педагог" атағын беру қағидалары бекітілсін.
2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева):
 - 1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден;
 - 2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден откеннен кейін осы бұйрықты мерзімді баспа баспаларында ресми жариялауды және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналастыруды;
 - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар (Ж.А. Жонтаева), Кәсіптік-техникалық және орта білімнен кейінгі білімді жаңғыру (С.М. Мадеев) департаменттері осы бұйрықты облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының, респубикалық ведомствоға бағынысты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.
5. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

A. Сәрінжісов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі
2015 жылғы 16 қантар
№ 12 бұйрығымен
бекітілген

"Ұздік педагог" атағын беру қағидалары

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.08.2022 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Үздік педагог" атағын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) өткізілген конкурстың (бұдан әрі - Конкурс) қорытындысы бойынша мемлекеттік білім беру үйымдарының педагогтеріне "Үздік педагог" атағын беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) апелляциялық комиссия – Конкурстың нәтижелерін қайта қарау үшін республикалық, облыстық, қалалық/аудандық деңгейлерде (республикалық маңызы бар қалаларда және астанада) құрылатын комиссия (бұдан әрі - Апелляциялық комиссия);

2) өнірлік конкурстық комиссия – Конкурстың әрбір кезеңінің жеңімпаздарын айқындау және Конкурстың келесі кезеңіне қатысу үшін ұсынымдар беру үшін облыстық, қалалық/аудандық деңгейлерде, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар мен астанада құрылатын комиссия (бұдан әрі – Өнірлік комиссия);

3) педагог портфолиосы – педагогтің білім беру қызметіндегі жеке және кәсіби жетістіктері, оқушыларының оқуы мен тәрбиесі және дамуының нәтижелері, педагогтің белгілі бір уақыт аралығындағы білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі ұсынылған жеке папкасы (электронды паралық);

4) республикалық конкурстық комиссия – Конкурс жеңімпазын айқындау және оған "Үздік педагог" атағын беру үшін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) құратын комиссия (бұдан әрі – Республикалық комиссия).

2-тарау. "Үздік педагог" атағын беру тәртібі

3. "Үздік педагог" атағы білім беру үйымдарының педагогтеріне жыл сайын конкурстық негізде беріледі.

4. "Үздік педагог" атағы бір педагогке он жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

5. "Үздік педагог" атағын беру конкурсына білім беру үйымдарының штаттағы педагогтері болып табылатын және Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар білім беру үйымдарының педагогтері қатысады (бұдан әрі – Конкурсқа қатысушы).

6. Министрлік Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды Конкурстың I кезеңін өткізу басталғанға дейін кемінде бір ай бұрын Министрліктің ақпараттық жүйесіне орналастырады.

7. Конкурс жыл сайын үш кезеңде өткізіледі.

1) I кезең – аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) деңгей;

2) II кезең – облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астана) деңгей;

3) III кезең – республикалық деңгей.

8. Конкурстың I кезеңін өткізу туралы хабарландыруды ауданың/қаланың (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) білім бөлімі (бұдан әрі – Бөлім) аудан (қала) аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды, сондай-ақ Бөлімнің Интернет-ресурсында Конкурстың I кезеңін өткізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын орналастырады.

9. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Конкурс қатысушылары өздері құжаттарды (материалдарды) Министрліктің ақпараттық жүйесіне жүктейді.

10. Ұсынылған құжаттарда (материалдарда) плағиат анықталған жағдайда Комиссия педагогке Конкурстың келесі кезеңінен шеттетілгені туралы хабарлайды. Еркін нысанда хабарлама педагогтің жұмыс орны бойынша білім беру үйіміна жіберіледі.

1-параграф. "Ұздік педагог" атағын беру конкурсының I кезеңін өткізу тәртібі

11. Конкурстың I кезеңі ағымдағы жылғы қыркүйекте өткізіледі, онда II кезеңге қатысу үшін Конкурстық комиссия ұсынған аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) деңгейінде Конкурс жеңімпаздары айқындалады.

12. Конкурстың I кезеңі педагогтерінің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін Бөлім басшысының бүйрекімен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) деңгейінде Өнірлік комиссия құрылады.

13. Өнірлік комиссия аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалар) Бөлімнің қызметкерлері, педагог-шеберлер, педагог-зерттеушілер, педагогикалық шеберлік кәсіби конкурстарының жеңімпаздары, әдістемелік қызметтер, білім беру саласындағы ғылыми және талдамалық үйімдардың қызметкерлері (сарапшылары), сондай-ақ білім беру саласындағы үкіметтік емес үйімдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

14. Өнірлік комиссия мүшелерінің саны кемінде тоғыз адамды құрайды. Өнірлік комиссияның отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде занұды деп есептеледі.

15. Өнірлік комиссияның төрағасы мен төраға орынбасары Өнірлік комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Өнірлік комиссияның хатшысы кадр қызметінің өкілі болып табылады және ауданың, қаланың (облыстық,

республикалық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органының актісімен тағайындалады, Өнірлік комиссияның хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ.

16. Өнірлік комиссия Конкурстың I кезеңінің қатысушыларының конкурстық құжаттарын (материалдарын) бағалайды.

17. Конкурстың I кезеңіне қатысу үшін қатысушы Министрліктің ақпараттық жүйесі арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды форматта мынадай құжаттарды (материалдарды):

1) оқыту тіліндегі портфолионы (педагог портфолиосының құрылымы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады);

2) сабак (оқу) жоспарын ұсына отырып, ұзақтығы 7 (жеті) минут бейнесабак (мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін), ұзақтығы 15 (он бес) минут бейнесабак/оқу (орта, арнайы, қосымша білім беру, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін), сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сәйкес озық педагогикалық тәжірибелі (ұзақтығы 5 (бес) минутқа дейінгі бейнеролик) трансляциялауды;

3) Министрлік айқындайтын тақырыптағы 500 (бес жүз) сөзден аспайтын эссеңі қоса бере отырып, Конкурсқа қатысуға өтінім береді.

18. Конкурстың I кезеңін бағалау тетіктері:

1) Өнірлік комиссиялардың мүшелері үш адамнан топтарға бөлінеді;

2) Конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттар (материалдар) кездейсоқ іріктеу әдісімен Өнірлік комиссияның қалыптастырылған топтары арасында бөлінеді;

3) топ мүшелері өз тобына бөлінген Конкурсқа қатысушылардың әр портфолиосын бағалайды;

4) бағалауды Өнірлік комиссияның барлық мүшелері жеке және бір-біріне тәуелсіз осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үміткердің жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді;

5) Өнірлік комиссия тобының әрбір мүшесінің балдары осы топтың басқа мүшелері қойған балдармен жинақталады және қойылған балдардың орташа арифметикалық мәні шығарылады;

6) Конкурсқа қатысушылар алынған балдардың орташа арифметикалық мәні негізінде сараланады;

7) Өнірлік комиссияның отырысында Конкурсқа қатысушылардың орташа арифметикалық балға сәйкес сараланған қорытынды балдары есептеледі, осының негізінде Өнірлік комиссия шешім қабылдайды;

8) Конкурсқа қатысушылардың балдары тен болған жағдайда шешім Өнірлік комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады;

9) Өнірлік комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

19. Конкурсқа қатысушы Өнірлік комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда Аппеляциялық комиссияға шағым жасайды. Егер Қазақстан Республикасының Зандарында өзгеше көзделмесе, Өнірлік комиссияның шешіміне сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Экімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

20. Өнірлік комиссия шешімінің қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған 5-ке дейін Конкурсқа қатысушы Конкурстың I кезеңінің жеңімпаздары болады.

21. Конкурстың I кезеңінің қорытындылары Конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қала) аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Министрліктің ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

22. Конкурс қорытындылары бойынша Конкурстың I кезеңінің жеңімпаздарына Өнірлік комиссия шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Конкурстың I кезеңінің жеңімпаздарына ауданың, қаланың (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың) "Үздік педагог" атағы беріледі және куәлік тапсырылады.

2-параграф. "Үздік педагог" атағын беру конкурсының II кезеңін өткізу тәртібі

23. Конкурстың I кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаздар II кезеңге қатысуға жіберіледі.

24. Конкурстың II кезеңі ағымдағы жылғы қазанда өткізіледі, онда III кезеңге қатысу үшін ұсынылатын жеңімпаздар айқындалады.

25. Конкурстың II кезеңін өткізу туралы хабарландыруды облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасы (бұдан әрі – Білім басқармасы) Министрліктің ақпараттық жүйесінде Конкурстың II кезеңін өткізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын орналастырады.

Конкурстың II кезеңі педагогтерінің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде Өнірлік комиссия құрылады, оның құрамы облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ астананың Білім басқармаларының бүйрекшімен бекітіледі (бұдан әрі – II кезеңін Өнірлік комиссиясы).

26. II кезеңін Өнірлік комиссиясы облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ астананың Білім басқармалары (бұдан әрі – Білім

басқармалары) қызметкерлерінен, педагог-зерттеушілерден, педагог-шеберлерден, педагогикалық шеберлік кәсіби конкурстарының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызметтер, білім беру саласындағы ғылыми және талдамалық ұйымдардың қызметкерлері (сарапшыларынан), сондай-ақ білім беру саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да өкілдерінен қалыптастырылады.

27. II кезеңнің Өнірлік комиссиясы мүшелерінің саны кемінде жиырма адамды құрайды. Өнірлік комиссияның отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі.

28. II кезеңнің Өнірлік комиссиясының төрағасы мен төраға орынбасары II кезеңнің Өнірлік комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. II кезеңнің Өнірлік комиссияның хатшысы кадр қызметінің өкілі болып табылады және Білім басқармасы басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның актісімен тағайындалады, II кезеңнің Өнірлік комиссиясының хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ.

29. II кезеңнің Өнірлік комиссиясы Конкурстың II кезеңіне қатысушылардың конкурснық құжаттарын (материалдарын) бағалайды.

30. II кезеңнің Өнірлік комиссиясы Конкурстың II кезеңі жеңімпаздарының құжаттарын (материалдарын) және Министрліктің ақпараттық жүйесіне орналастырылған материалдарды қарайды.

31. Конкурстың II кезеңін бағалау тетіктері:

1) II кезеңнің Өнірлік комиссияларының мүшелері үш адамнан топтарға бөлінеді;

2) Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар кездейсок іріктеу әдісімен Өнірлік комиссияның қалыптастырылған топтары арасында бөлінеді;

3) топ мүшелері өз тобына бөлінген Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын (материалдарын) бағалайды;

4) бағалауды осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үміткердің жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес II кезеңнің Өнірлік комиссиясының барлық мүшелері жеке және бір-біріне тәуелсіз жүргізеді;

5) II кезеңнің Өнірлік комиссиясы тобының әрбір мүшесінің балдары осы топтың басқа мүшелері қойған балдармен жинақталады және қойылған балдардың орташа арифметикалық мәні шығарылады;

6) Конкурсқа қатысушылар алынған балдардың орташа арифметикалық мәні негізінде сараланады;

7) II кезеңнің Өнірлік комиссиясы отырысында орташа арифметикалық балға сәйкес сараланған Конкурсқа қатысушылардың қорытынды балдары есептеледі, осының негізінде II кезеңнің Өнірлік комиссиясы шешім қабылдайды;

8) Конкурсқа қатысушылардың балдары тең болған жағдайда шешім II кезеңнің Өнірлік комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады;

9) II кезеңнің Өнірлік комиссиясының шешімі хаттамамен ресімделеді.

32. Конкурсқа қатысушы II кезеңнің Өнірлік комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда аппеляциялық комиссияға шағым жасайды. Егер Қазақстан Республикасының Заңдарында өзгеше көзделмесе, II кезеңнің Өнірлік комиссиясының шешіміне сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

33. II кезеңнің Өнірлік комиссиясы шешімінің қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған 10-ға дейін Конкурсқа қатысушы Конкурстың II кезеңінің женімпаздары болады.

34. Конкурстың II кезеңінің женімпаздарына облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың "Ұздік педагогі" атағы беріліп, күелік тапсырылады.

35. Конкурстың II кезеңінің қорытындылары Конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Министрліктің ақпараттық жүйесіне орналастырылады.

36. Конкурстың II кезеңінің қорытындысы бойынша женімпаздар III кезеңге қатысуға жіберіледі.

3-параграф. "Ұздік педагог" атағын беру конкурсының III кезеңін өткізу тәртібі

37. Конкурстың III кезеңі ағымдағы жылғы қарашада өткізіледі, онда Конкурстың женімпаздары анықталады.

38. Конкурстың III кезеңін Республикалық комиссия өткізеді, оның төрағасы Министрліктің бірінші басшысы немесе Министрліктің бірінші басшысы айқындайтын тұлға болып табылады.

39. Республикалық комиссияның төрағасы болмаған жағдайда төрағаның міндетін атқару оның орынбасарына жүктеледі.

40. Республикалық комиссия Министрлігінің қызметкерлері, кәсіби конкурстардың женімпаздары, педагог-шеберлер, әдіскерлер, "Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА), "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі –

НЗМ ДББҰ), "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы қызметкерлерінің, сондай-ақ білім беру саласындағы республикалық үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатарынан қалыптастырылады. Ресpubликалық комиссия мүшелерінің саны кемінде жиырма бір адамды құрайды. Ресpubликалық комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған жағдайда заңды деп саналады.

41. Ресpubликалық комиссияның дербес құрамы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен немесе оны алмастырушы адаммен бекітіледі.

42. Конкурстың III кезеңіне қатысушылардың материалдарын бағалау сапасы үшін жауапкершілік Ресpubликалық комиссияға жүктеледі.

43. Конкурстың III кезеңі екі турда өткізіледі:

бірінші тур: Ресpubликалық комиссия мүшелерінің Конкурсқа қатысушылардың материалдарын қарауы;

екінші тур: Ресpubликалық комиссия мүшелерінің Министрлік анықтаған білім беру ұйымында күндізгі форматта Конкурсқа қатысушы өткізетін сабакты/оқуды бағалауы.

44. Конкурстың III кезеңінің бірінші турында Ресpubликалық комиссия Министрліктің ақпараттық жүйесінде орналастырылған Конкурстың II кезеңі жеңімпаздарының материалдарын қарайды.

45. Конкурстың III кезеңіне қатысушылардың материалдарын бағалау тетіктері:

1) Ресpubликалық комиссияның мүшелері үш адамнан топтарға бөлінеді;

2) Конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттар (материалдар) кездейсоқ іріктеу әдісімен Ресpubликалық комиссияның қалыптастырылған топтары арасында бөлінеді;

3) топ мүшелері өз тобына бөлінген Конкурсқа қатысушылардың материалдарын бағалайды;

4) бағалауды осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үміткердің жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес Ресpubликалық комиссияның барлық мүшелері жеке және бір-біріне тәуелсіз жүргізеді;

5) бағалау нәтижесінде Ресpubликалық комиссия тобының әрбір мүшесі Конкурстың әрбір қатысушысына балл қояды;

6) Ресpubликалық комиссия тобының әрбір мүшесінің балдары осы топтың басқа мүшелері қойған балдармен жинақталады және қойылған балдардың орташа арифметикалық мәні шығарылады;

7) Конкурсқа қатысушылар алғынған балдардың орташа арифметикалық мәні негізінде сараланады;

8) Республикалық комиссияның отырысында конкурстың III кезеңінің бірінші турына қатысушылардың орташа арифметикалық балға сәйкес сараланған қорытынды балдары есептеледі, олар Республикалық комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен бекітіледі.

46. Конкурстың III кезеңінің екінші турына бірінші турда жинаған балдарына қарамастан барлық қатысушылар жіберіледі.

47. Конкурстың III кезеңінің екінші турында Республикалық комиссия Конкурсқа қатысушылардың білім беру ұйымдарында күндізгі форматта өткізетін сабактарын (оқуларын) бағалайды (өткізілетін орынды Министрлік айқындайды).

48. Конкурстың III кезеңінің екінші турын өткізу үшін Министрлік Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-мен бірлесіп білім беру ұйымдарына Конкурсқа қатысушыларды бөлуді жүргізеді, сондай-ақ күндізгі форматта сабак (оқу) өткізу кестесін, олардың кестесі мен тақырыптарын бекітеді.

49. Конкурстың III кезеңіне қатысушылардың сабағын (оқуын) бағалау тетіктері:

1) Республикалық комиссияның мүшелері үш адамнан топтарға бөлінеді;

2) Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар кездейсоқ іріктеу әдісімен Республикалық комиссияның қалыптастырылған топтары арасында бөлінеді;

3) топ мүшелері өз тобына күндізгі форматта бөлінген Конкурсқа қатысушылардың сабактарына (оқуларына) қатысады және оларды бағалайды;

4) бағалауды осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша үміткердің жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес Республикалық комиссияның барлық мүшелері жеке және бір-біріне тәуелсіз жүргізеді;

5) бағалау нәтижесінде Республикалық комиссия тобының әрбір мүшесі Конкурстың әрбір қатысушысына балл қояды;

6) Республикалық комиссия тобының әрбір мүшесінің балдары осы топтың басқа мүшелері қойған балдармен жинақталады және қойылған балдардың орташа арифметикалық мәні шығарылады;

7) Конкурсқа қатысушылар алғынған балдардың орташа арифметикалық мәні негізінде сараланады;

8) Республикалық комиссияның отырысында Конкурстың III кезеңінің екінші турына қатысушылардың орташа арифметикалық балға сәйкес сараланған қорытынды балдары есептеледі, олар Республикалық комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен бекітіледі.

50. Конкурстың III кезеңінің бірінші және екінші турларының қорытындыларын шығару:

Республикалық комиссияның қорытынды отырысында Конкурстың III кезеңінің бірінші және екінші турларында алынған қатысушылардың қорытынды балдары жинақталады. Бірінші және екінші турлар үшін қорытынды балдар орташа арифметикалық балға сәйкес сараланады, оның негізінде Республикалық комиссия шешім қабылдайды. Республикалық комиссияның шешімі қорытынды хаттамамен ресімделеді. Конкурсқа қатысушылардың балдары тең болған жағдайда шешім Республикалық комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

51. Республикалық комиссия шешімінің қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған Республикалық конкурстың 64 қатысушыға дейінгі қатысушысы квотаға сәйкес Конкурстың III кезеңінің жеңімпаздары болады: мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері 10 адамға дейін, орта, арнайы, мамандандырылған және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері 34 адамға дейін, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру педагогтері 20 адамға дейін.

52. Конкурстың республикалық кезеңінің қорытындылары конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей Министрліктің ақпараттық жүйесіне орналастырылады, сондай-ақ Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылады.

53. Конкурсқа қатысушы Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда Апелляциялық комиссияға шағым жасайды. Егер Қазақстан Республикасының Заңдарында өзгеше көзделмесе, Республикалық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасауга Қазақстан Республикасы Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

54. Республикалық кезеңге қатысқан, бірақ оның жеңімпазы болмаған "Ұздік педагог" конкурсының II кезеңінің жеңімпазына және атақ иегеріне Өңірлік комиссияның шешімі бойынша "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 6-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органдар оның ағымдағы шотына бір реттік сыйақы төлейді.

55. Конкурстың III кезеңінің "Ұздік педагог" атағын иеленушіге "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 5-тармағында ұйғарылған мөлшерде және тәртіппен сыйақы төленеді, сондай-ақ осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Ұздік педагог" куәлігімен, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Білім беру ұйымының үзік педагогі" төсбелгісімен марапатталады.

4-параграф. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі

56. Конкурсты өткізу кезеңінде оның барлық кезеңдерінде даулы мәселелерді шешу үшін Апелляциялық комиссия құрылады, ол апелляцияны қабылдауды қамтамасыз етеді.

57. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы білім беруді басқару органдарының және (немесе) Министрліктің бүйрекшімен бекітіледі.

Аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) Апелляциялық комиссия құрамына мыналар кіреді: аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдерінің, үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, әдіскерлер, "педагог-шебер", "педагог-зерттеуші" біліктілік санаттары бар мектепке дейінгі, орта және жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері;

Облыстық және Республикалық маңызы бар қалалар мен астананың апелляциялық комиссия құрамына білім басқармаларының, үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, әдіскерлер, "педагог-шебер", "педагог-зерттеуші" біліктілік санаттары бар мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері кіреді;

Республикалық деңгейде апелляциялық комиссия құрамына Министрліктің, ІІ. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның, "НЗМ" ДББҰ-ның, үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, "педагог-шебер", "педагог-зерттеуші" біліктілік санаттары бар мектепке дейінгі, орта және жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері кіреді.

Апелляциялық комиссия тақ саннан тұрады. Апелляциялық комиссияның мүшелері апелляциялық комиссияның отырыстарына алмастыру құқығынысыз қатысады. Апелляциялық комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, апелляциялық комиссияның құрамы қайта қаралады.

58. "Үздік педагог" конкурсын өткізу жөніндегі комиссия мүшелерін және Апелляциялық комиссия мүшелерін бекіту туралы бүйрекшің қолданылу мерзімі бір жылды құрайды.

59. Апелляциялық комиссия даулы жағдайлар туындаған кезде өтінішті қарайды. Конкурсқа қатысушы конкурс нәтижелері жарияланғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде апелляцияны Министрліктің ақпараттық жүйесіне электрондық форматта береді.

60. Апелляциялық комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді және 3 (үш) жұмыс күні ішінде толық негізделген жауап беріледі, оған төраға, хатшы және комиссия мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссия отырыстарының хаттамалары 1 (бір) жыл бойы сақталады.

"Үздік педагог" атағын
беру қағидаларына
1-қосымша

**"Үздік педагог" атағын беру конкурсына қатысуға
ӘТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Озім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны
2.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
3.	Түүлған күні (күні, айы, жылы)
4.	Лауазымы
5.	Педагогикалық өтілі
6.	Лауазымдағы жұмыс өтілі
7.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)
8.	Біліктілік санаты
9.	Индексі бар үй мекенжайы
10.	Жеке қуәліктің деректері (нөмірі, қашан және кім берді, жеке сәйкестендіру номері)
11.	Байланыс телефоны (үй, ұялы), электрондық пошта
12.	Наградалар, көтермелебулар (награданың, көтермелебудің атауы)

Әтінімді

толтыру

күні

Конкурсқа қатысушының жеке
қолы _____

Білім беру үйімі үйімі басшысының
қолы _____

Мөр орны

"Үздік педагог" атағын
беру қағидаларына
2-қосымша

Педагогтің портфолиосы

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), міндетті түрде 3x4 көлемінде фотосурет салынған;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жұмыс орны куәландырған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парагы; еңбек өтілі (еңбек және педагогикалық);

білімі (білімін растайтын құжаттардың көшірмелері);

білім беру ұйымдарының басшылары куәландырған педагогке арналған ұсыным (болған жағдайда) немесе өзге де ұсынымдар (міндетті түрде);

біліктілікті арттыру (сертификаттар мен күәліктердің соңғы 5 (бес) жылдан аспайтын көшірмелері);

марапаттары (грамоталардың, мақтау қағаздарының, алғыс хаттардың, төсбелгілер күәліктерінің, үкіметтік және мемлекеттік наградалардың көшірмелері);

педагогтерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы педагогикалық ұйымдарының, білім беру ұйымдары директорларының, әріптерестерінің, басқа да қоғамдастық өкілдерінің, оқушылардың (әкімшіліктің, әріптердердің, оқушылардың, ата-аналардың, әлеуметтік әріптердердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық жүргіштердің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, халықаралық деңгейдегі дипломдар) тануы; қоғамдастыққа ықпалы (бұқаралық ақпарат құралдарында тануы, қайырымдылық ұйымдарына мүшелік); оқушылар мен тәрбиеленушілердің құндылықты білім алушын дамыту, басқа елдердің білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық, оқушылармен алмасу жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесу;

Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты.

2. Педагогикалық қызмет мониторингі:

білім беру ұйымының басшысы растаған білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) соңғы 3 (үш) жылдағы білім беру жетістіктері мониторингінің нәтижелері (болған жағдайда);

педагогтің соңғы 3 (үш) жылдағы олимпиадаларға, кәсіби, шығармашылық конкурстарға және спорттық жарыстарға қатысуы туралы мәліметтер (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады);

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) соңғы 3 (үш) жылдағы олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарындағы (ғылыми жарыстардағы), шығармашылық конкурстардағы және спорттық жарыстардағы жетістіктері (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады).

3. Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша ақпарат:

педагогикалық тәжірибелі жинақтау (авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, оларға хаттамалардың үзінділері (болған жағдайда), педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, фестивальдар, озық педагогикалық тәжірибелі жинақтау және тарату);

зерттеу қызметі (ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша мақалалар жариялау, шығармашылық есептер, ғылыми-практикалық конференциялардағы баяндамалар туралы мәліметтер);

білім беру және педагогикалық жобаларды іске асыру бойынша материалдар (бар болса);

педагогтің сараптамалық немесе жобалау қызметі, TV сабактарын түсіруге қатысу (сертификаттар, анықтамалар немесе бұйрықтар, сараптамалық және жұмыс топтарына, TV сабактарын түсіруге қатысатынын растайтын TV сабағына сілтеме);

тәрбие жұмысының және сабактан тыс іс-әрекет бағыттары бойынша материалдар ("Оқу мектебі" жобасы бойынша, "Дебаттық қозғалыс", "Мектепшілік/студенттік өзін-өзі басқару" жобасы бойынша, кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша, экологиялық, енбек, адамгершілік тәрбие және ата-аналармен өзара іс-қимыл бойынша материалдар);

волонтерлік қызмет, соңғы 3 (үш) жылда қайырымдылық іс-шараларына қатысу (web-ресурстарда және әлеуметтік желілерде ақпаратты тұрақты орналастыру, балаларды тегін оқыту - растайтын құжаттарды, Министрліктің ақпараттық жүйесінде сілтемелерді тіркеу).

"Ұздік педагог" атағын
беру қағидаларына
3-қосымша

"Ұздік педагог" атағын беру конкурсына қатысу үшін қатысушылар жіберген озық педагогикалық тәжірибелі трансляциялау жобасы бойынша бейнесабактарға/окуларға және бейнероликтерге қойылатын талаптар мен техникалық шарттар:

1. Конкурсқа конкурс тақырыбына сәйкес бейнесабактар (бейнеоқулар), бейнероликтер ұсынылады.
2. Ең төменгі ажыратымдылық - 720x480 (12: 8 см).
3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары үшін бейне сабактың ұзақтығы – 7 (жеті) минут.
4. Орта, арнайы, мамандандырылған, қосымша білім беру, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін бейнесабактың (бейнеоқудың) ұзақтығы – 15 (он бес) минут.
5. Ұздік тәжірибелерді тарату бойынша бейнероликтің ұзақтығы 5 (бес) минутқа дейін. Мұғалімнің атымен ақпараттық экранды безендіру. Бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану

(педагогтің қалауы бойынша). Қатысушылар бейнеролик жанрын өздері айқындайды (репортаж, бейнеклип). Бейнероликтің дыбысталуы бірінші тұлғадан (конкурсқа қатысушыдан) бейнеленеді. Бейнероликті монтаждауда арнайы бағдарламаларды, құралдарды, суреттерді, бейне фрагменттерді, арнайы эффектілерді, сыртқы тыңдауды пайдалануға болады. Конкурсқа тақырыпқа сәйкес келмейтін, басқа адамдардың қадір-қасиетін және сезімдерін қорлайтын жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды. Бейнероликтің мазмұны үздік тәжірибелерді трансляциялау жолдары мен әдістерін көрсетеді.

6. Бейнесабақтың (бейнеоқудың) фрагменті, сондай-ақ үздік тәжірибелерді тарату бойынша бейнеролик Министрліктің ақпараттық жүйесіне сілтеме жасай отырып, YouTube (ютуб) Бейне платформаларына жүктеледі.

"Үздік педагог" атағын
беру қағидаларына
4-қосымша

"Үздік педагог" атағын беруге үміткердің жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштері

Көрсеткіштер		Баллдар
1	Ұлттық біліктілік тестілеуінің нәтижесі, ең жоғары балдан % (біреуін таңдау) тармақша	
	91-100%	5
	81-90%	4
	71-80%	3
	61-70%	2
2	Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін бағалау (ең жоғары көрсеткіш ескеріледі)	
2.1	"Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту. Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы бекітілген тізбеге сәйкес педагогтің соңғы 3 (үш) жылда кәсіби шеберлік конкурстарының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7355 болыс)	
	Халықаралық кәсіби шеберлік конкурсы дипломының болуы	4
	Республикалық кәсіби шеберлік конкурсы дипломының болуы	3
	Облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мен астананың кәсіби шеберлік конкурстары дипломының болуы	2

2.2	Соңғы 3 (үш) жылда авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кеше материалдарды әзірлеу және енгізу
	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған оқулықтың, оқу- 5 әдістемелік кешенниң авторы
	Мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартының, Үлгілік оқу жоспарларын, 4 бағдарламаларын әзірлеуге қатысу
	Респубикалық оқу-әдістемелік кеңес бекіткен элективті курстар, әдістемелік құралдар 3 бағдарламаларының авторы
	Облыстық, қалалық және респубикалық маңызы бар қалалардың оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілген әдістемелік құралдардың, 2 элективті курсарлардың, факультативті курсарлардың авторы
2.3	Соңғы 3 (үш) жылдағы жарияланымдар:
	Білім және ғылым саласындағы сапанды қамтамасыз сту комитеті ұсынатын 4 басылымдар тізбесіне кіретін жарияланымы бар
	Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында білім беру 3 және тәрбие саласында жарияланымы бар
	Білім және тәрбие саласында респубикалық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында немесе респубикалық 2 бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымы бар
	Облыстық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында немесе облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында 1 білім беру және тәрбие саласында жарияланымы бар
2.4	Наградалардың болуы
	Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларының болуы 4
	Ведомстволық наградалары мен 3 көтермелегерлерінің болуы
	Облыстық және респубикалық маңызы бар қалалар және астананың Білім 2 басқармаларының көтермелегерлерінің болуы
	Аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің 1 көтермелегерлердің болуы
2.5	Тәрбие жұмысы және сабактан тыс қызмет (барлық тармақтар бойынша ұпайлар)

	Жобаны іске асыру және оның нәтижелілігін ұсыну (гранттар, сертификаттар, Web (феб) сайttарға сілтемелер)	3
	"Оку мектебі" жобасы бойынша, кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша дебат қозғалысына қатысадың нәтижелілігі (бұкаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, Web (веб) сайттарда ақпаратты орналастыру)	2
2.6	Тәрбие жұмысы және сабактан тыс қызмет бойынша басқа ұйымдармен ынтымақтастық	
	Халықаралық денгейде тәрбие жұмысы және сабактан тыс қызмет бойынша басқа ұйымдармен ынтымақтастық	3
	Республикалық денгейде тәрбие жұмысы және сабактан тыс қызмет жөніндегі басқа ұйымдармен ынтымақтастық	2
	Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астана деңгейінде тәрбие жұмысы және сабактан тыс қызмет жөніндегі басқа да ұйымдармен ынтымақтастық	1
2.7	Педагогті кәсіби қоғамдастық пен жүртшылықтың тануы	
	Педагогтерді үкіметтің, ұлттық педагогикалық ұйымдардың және бұкаралық ақпараттық құралдарының тануы (алғыс хаттар, республикалық деңгейдегі дипломдар, қайырымдылық ұйымдары мен қоғамдық корлар)	3
	Ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғамдастық өкілдерінің тануы	2
	Әкімшіліктің, әріптестердің, окушылардың, ата-аналардың пікірлері	1
2.8	Волонтерлік қызмет	
	Волонтерлік және қайырымдылық қызметке белсенді қатысу	3
3	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің соңғы жылдан	
3.1	Конкурстар	
	Халықаралық балалар конкурстарының женімпаздары, жүлдегерлері	4
	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының жоспарына сәйкес бекітілген Республикалық балалар конкурстарының женімпаздары, жүлдегерлері	3
	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының жоспарына сәйкес бекітілген Республикалық балалар конкурстарының	2

	облыстық кезеңінің женімпаздары, жүлдегерлері	
	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының жоспарына сәйкес бекітілген 1 Респубикалық балалар конкурстарының аудандық кезеңінің женімпаздары, жүлдегерлері	
3.2	Фылыми жобалар конкурстары (фылыми жарыстар) Халықаралық балалар зерттеу жобалары	4
	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының жоспарына сәйкес бекітілген 3 "Мен зерттеушімін" респубикалық балалар конкурсының жүлдегерлері, женімпаздары	
	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының жоспарына сәйкес бекітілген 2 "Мен зерттеушімін" респубикалық балалар конкурсының облыстық кезеңінің жүлдегерлері, женімпаздары	
	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының жоспарына сәйкес бекітілген 1 "Мен зерттеушімін" респубикалық балалар конкурсының аудандық кезеңінің женімпаздары, жүлдегерлері	
4	"Жалпы білім беретін пәндер бойынша респубикалық және халықаралық олимпиадалар мен фылыми жобалар конкурстарының (фылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спортық жарыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және фылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7355 болып тіркелген) бекітілген тізбеге сәйкес орта, арнайы, қосымша білім беру, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары тәрбиеленушілерінің/ білім алушыларының соңғы 3 жылданың жетістіктері	
4.1	Респубикалық және халықаралық олимпиадалар	
	Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың женімпаздары, жүлдегерлері	4

	Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалардың 3 женімпаздары, жүлдегерлері	
	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі студенттерге арналған республикалық 2 олимпиадалардың женімпаздары, жүлдегерлері	
	Мамандандырылған олимпиадалардың 2 женімпаздары, жүлдегерлері	
	Окушыларға арналған жоғары оқу орындары олимпиадаларының 1 женімпаздары, жүлдегерлері	
4.2	Фылыми жобалар конкурстары (фылыми жарыстар)	
	Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық фылыми жобалар 5 конкурстарының (фылыми жарыстардың) женімпаздары, жүлдегерлері	
	Республикалық фылыми жобалар 4 конкурстарының женімпаздары,	
	Республикалық конкурстың техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алған 4 студенттерге арналған конкурстарының жүлдегерлері, женімпаздары	
	Фылыми жобалардың мамандандырылған конкурстарының жүлдегерлері, женімпаздары 3	
4.3	Орындаушылар конкурсы	
	Орындаушылардың халықаралық конкурстары 5	
	Орындаушылардың республикалық 4 конкурстары	
	Мамандандырылған конкурстар 3	
4.4	Спорттық жарыстар	
	Халықаралық спорттық жарыстар 5	
	Республикалық спорттық жарыстар 4	
5.	1. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы оқу қызметін (бұдан әрі – ОҚ) бағалау – сабак (оқу) (15 минут);	

	2. Балабақшалардағы ұйымдастырылған оқу қызметін (бұдан әрі – ҮОҚ) бағалау – сабак (оқу) (7 минут)	
5.1	Оқу қызметінің мақсаттарын қою	
	Нақты және қол жеткізуге болатын мақсаттар	2
	Мақсаттарға ішінара қол жеткізілді	1
5.2	Оқыту әдістері (барлық тармақтар бойынша балл қоюға болады)	
	Оқытудың белсенді әдістерін қолдану	3
	Оқыту әдістері қойылған мақсаттарға сәйкес келеді	3
	Оқыту әдістері оқушылардың танымдық дағдыларын дамытуды білдіреді	3
5.3	Формативті бағалау жүргізу	
	Формативті бағалау құралдарын біледі және тиімді қолданады	4
	Формативті бағалау құралдарын біледі, бірақ шебер қолдана алмайды	3
	Формативті бағалау құралдарын тиімсіз қолданады	2
5.4	Педагогтің вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдылары	
	Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын менгерген	2
	Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын ішінара менгерген	1
5.5	Ресурстарды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалану	
	Білім алушыларды оқу материалын менгеруге ынталандыратын ресурстарды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану	2
	Ресурстарды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқу материалын көрсетумен шектеледі	1
6	ЭССЕ (500 сөзден артық емес)	

	6.1	Эссе тақырыбын ашу	
		Тақырып толығымен ашылды	3
		Тақырып ішінара ашылды	1
6.2		Өз ұстанымын қолдау үшін дәлелдер жазу	
		Жеке зерттеу нәтижелерін пайдаланады	3
		Педагогикалық теорияларды немесе ұғымдарын қолданады	2
		Белгілі фактілерді пайдаланады	1
6.3		Логика мен дәйектілік, тұжырымдардың болуы	
		Күрьым нормага сәйкес келеді (кіріспе, негізгі бөлік пен қорытындының болуы)	3
		Эссе қисынды және дәйекті, бірақ тұжырымы жоқ	2
		Эсседе логикалық дәйектілік жоқ	1
7		Үздік тәжірибелерді тарату (5 минутқа дейінгі бейнеролик)	
7.1		Өзектілігі	
		Педагогикалық мәселенің өзектілігі толығымен ашылды және шешу жолдарын қамтиды	3
		Педагогикалық мәселенің өзектілігі ашылды, бірақ шешу жолдары толық қамтамасыз етілмеген	2
		Педагогикалық мәселенің өзектілігі ішінара ашылды	1
		Педагогикалық мәселенің өзектілігі ашылмаған	0
7.2		Үздік тәжірибелер тиімділігінің дәлелі	
		Үздік тәжірибенің нәтижелілігін ұсыну	3
		Нәтижеліліктің болмауы	0
7.3		Шешендік өнер	

	Сөйлеу түсінікті, мәнерлі, эмоционалды	2
	Сөйлеу монотонды, бірқалыпты	1
7.4	Иллюстрациялық материалдарды қолдану	
	Иллюстрациялық материалдарды шебер пайдалану: презентациялар, диаграммалар, суреттер, фото, бейнемонтаж және т. б. (шығармашылық тәсіл)	3
	Иллюстрациялық материалдар пайдаланылды (тек презентация)	2
	Тақырыпты ашпайтын иллюстрациялық материалдарды пайдалану	1
	Барлығы	100

"Үздік педагог" ата
беру қағидалары
5-қосымша

Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру және техникалық және кәсіптік блім беру, орта білімнен кейінгі педагогтердің сабактарын (оқуларын) бағалау парагы

Күні

Пәні

сыныбы

(тобы)

Тегі, аты,

екесінің

аты

(болған

жағдайда)

Сабактың/оқудың

тақырыбы

Сабактың/оқудың

мақсаты

Өлшемшарттар	Көрсеткіші	Балдар	Корытындылар
--------------	------------	--------	--------------

		Білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) мақсаттар коюға және күтілетін нәтижелерге тарту	0-2	
Сабак/оқу мақсаттарының негізділігі		Мақсаттардың педагогикалық қызмет тәжірибесінде мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі	0-2	
		Мақсаттардың онтайлылығы мен конструктивтілігі	0-2	
Мазмұнды онтайлылығы	тандаудың	Сабактың (оқудың) мақсаттарына сәйкес мазмұнды іріктеу	0-2	
		Материалдың қолжетімділігі және көрнекілігі	0-2	
		Материалды ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі	0-2	
		Оқу мақсаттарына сәйкес функционалдық сауаттылыққа тапсырмаларды пайдалану	0-2	
Педагогтің қызметі бойынша:		Білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) белсенді оқытуға тарту	0-2	
		Білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) сабактың (оқудың) мақсаттарына сәйкес ұйымдастыру	0-2	
		Білім беру, тәрбие-білім беру процесіне қатысушылардың сапалы өзара іс-кимылын ұйымдастыру	0-2	
		Сараланған тәсілді қолдану	0-2	
		Тәрбие компонентін іске асыру	0-2	
Сабактың/оқудың жабдықталуы	дидактикалық	Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) оқу-тәнімдік қызметін 0-2 ұйымдастыру нысандарын үйлестірудің онтайлылығы	0-2	
		Оқытуудың белсенді әдістерін қолданудың тиімділігі	0-2	
		Оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің және құралдарының мақсаттар мен мазмұнға барабарлығы	0-2	
		Сабак (оқу) уақытын бөлудің ұтымдылығы	0-2	

	Ресурстарды, оның ішінде цифрлық ресурстарды пайдалану	0-2	
	Салыстыру және жалпылау қабілеті	0-2	
Білім алушылардын/ тәрбиеленушілердің қызметі	Ойлау дербестігі	0-2	
	Өз ойларын логикалық баяндау	0-2	
	Рефлексивті-бағалау қызметін дамыту	0-2	
	Сабақтың (окудың) барлық кезеңдерінде кері байланыс және қалыптастыруыш бағалау құралдарын қолданудың тиімділігі	0-2	
Бақылау-бағалау қызметі	Білім алушыларды/ тәрбиеленушілерді бағалау процесіне тарту	0-2	
	Сабақты/окуды қорытындылау	0-2	
	Сабақты өзін-өзі талдауы	0-2	

Корытындылар _____

Ұсынымдар

"Үздік педагог" атағын
беру қағидаларына
6-қосымша

Арнайы білім беру ұйымы педагогінің ашық сабакты (окуды) бағалау парагы

Күні _____

Пәні _____

Сыныбы
(тобы) _____

Тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда)

Сабактың (оқудың) тақырыбы

Сабактың (оқудың) мақсаты

Өлшем шарттар	Көрсеткіштер	Балл	Қорытынды
Сабак (оқу) мақсаттарының негізділігі	<p>Сабактың (оқудың) мақсаты сабак тақырыбына сәйкес келеді</p> <p>Сабактың (оқудың) мақсаттары тәрбиеленушілердің / білім алушылардың жұмысынан 0-2 күтілетін нәтижені ашады</p> <p>Сабактың (оқудың) мақсаттары білім алушылар үшін қолжетімді нысанда нақты тұжырымдалған</p>	0-2	
Мазмұнды оңтайлылығы	<p>Сабактың (оқудың) мазмұны мақсаттарға сәйкес келеді</p> <p>Сабактың (оқудың) мазмұны логикалық дәйектілікпен ұсынылды</p> <p>Сабактың (оқудың) мазмұны тәрбиеленушілердің / білім алушылардың әртүрлі танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып анықталған</p> <p>Сабактың (оқудың) мазмұны тәрбиеленушілердің/оқушылардың субъективті тәжірибесін ескерді</p>		
Педагог қызметі	<p>Педагог тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) белсенділігі мен дербестігі үшін жағдай жасады</p> <p>Педагог оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінің әртүрлі тәсілдерін ұйымдастыруды</p> <p>Педагог эмоционалды-психологиялық жайлылық атмосферасын күрды, тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) іс-әрекетінің жоғары уәждемесін қолдады</p> <p>Педагог тәрбие компонентін іске асыруды</p>		

	<p>Сабакта (окуда) әртүрлі ақпарат көздері қолданылды</p> <p>Жұмыс түрлерінің, тапсырмалар түрлерінің кезектесуі тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) жұмысқа қабілеттілігін қолдауға ықпал етті</p> <p>Оқытудың әдістері мен тәсілдері бұзылған функциялардың дамуына және орнын толтыруға ықпал етті</p> <p>Дидактикалық материалдар тәрбиеленушілерге (білім алушыларға) сараланған тәсілді қамтамасыз етті</p> <p>Көрнекілік құралдары, цифрлық ресурстар тәрбиеленушілердің (білім алушылардың) қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып пайдаланылды</p>	
Сабактың (окудың) дидактикалық қамтамасыз етілуі	<p>Тәрбиеленушілер (білім алушыларда) жоғары ынта, тұрақты қызығушылығы байқалды</p> <p>Тәрбиеленушілер (білім алушылар) белсенділік пен дербестік көрсетті</p> <p>Тәрбиеленушілер (білім алушылар) бір-бірімен нәтижелі өзара іс-кимыл жасады және ынтымақтастықта болды</p> <p>Тәрбиеленушілер (білім алушылар) өз қызметінің он нәтижесіне қол жеткізуге қызығушылық танытты</p>	
Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қызметі	<p>Педагог сабактың (окудың) барлық кезеңдерінде кері байланыс орнатып, оку тапсырмаларын орындау процесін бағалады</p> <p>Білім алушылар (тәрбиеленушілер) өз қызметінің бағалау процесіне тартылды</p>	
Бақылау-бағалау қызметі	<p>Педагог сабакты (окуды) корытындылады, тәрбиеленушілер (білім алушылар) қызметінің нәтижелерін қойылған міндеттермен байланыстыруды</p> <p>Сабакты өзіндік талдау</p>	

Корытындылар _____

Ұсынымдар

"Үздік педагог" атағын беру қағидаларына 7-көсүмшә



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Министерство просвещения Республики Казахстан

Куәлік Свидетельство



Мөр орны Министр аты, тегі

"Үздік педагог" атағын
беру қагидаларына
8-қосымша

Муар таспасы

